



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Нұра ЖББМ шағын-орталығы

Топ: «Балбобек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2025 оқу жылы мамыр айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	-Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. -Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. -Тыныс алу жаттығуларын жасау. -Өткенді қайталау.
	Сөйлеуді дамыту	-Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. -Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету. -Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету. -Өткенді қайталау.
	Көркем әдебиет	-Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктен, жеткізуді қалыптастыру. -Сюжетті эмоционалды қабылдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту. -Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауды дағдыландыру. -Өткенді қайталау.

Қазақ тілі	Педагог жоспары бойынша
Математика негіздері	-Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертен-кешке. -«Көп», «Бір» ұғымдарын ажыратып, жаңаны тануға ұмтылу, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге ынталандыру. -Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту. қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету. -Өткенді қайталау.
Қоршаған ортамен таныстыру	-Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. -Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. -Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. -Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Өткенді қайталау.
Құрастыру	-Құрастыру дағдыларын дамыту; -Негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету; -Бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Өткенді қайталау.
Сурет салу	-Колденен және тік сызықтарды салу; - Олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар). -Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше колденен және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. -Откенді қайталау.
Мүсіндеу	-Қазақ халқының әшекей бұйымдарын білу; -Заттар мен бұйымдарды өзбетінше мүсіндеу алуға үйрету.

	-Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау. -Өткенді қайталау.
Жапсыру	-Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, уағдау, бүктеу, қатпарлау). -Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру: - Жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. -Өткенді қайталау.
Музыка	-Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету. -Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды. -Сөздерді дұрыс және анық айту, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); -Өткенді қайталау.